ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына 1 қыркүйектегі жолдауында «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» құру жөнінде негізгі қағидаларын жариялады. Соның ішінде маңызды мәселе – білім беру жүйесі және бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқаратынын айтты. Елдегі білім деңгейі неғұрлым жоғары болса, оның экономикасы соғұрлым жақсы дамып, халықтың аухаты артады. Дегенмен, бұл көрсеткіш бойынша Қазақстан әлі де айтарлықтай артта қалды – білім беру жүйесінің сапасы бойынша өткен жылғы елдер рейтингінде Қазақстан әлемнің 93 елінің ішінен тек 62-орынға ие болды.

Технологияның дамуы және мамандықтардың өмірлік циклінің қысқаруы білім берудің классикалық моделінің: мектептен университетке дейін ескіруіне әкелді.

Осы мағынада Президент жолдауында білім беру жүйесінің балалар бақшасынан басталатынын, ол үшін алдымен тәрбиешіні аттестациялау қажеттігіне тоқталды.

Мектеп жағдайдың нашарлығы, ауыл мектептеріндегі шағын кабинеттер, мұғалімдерді дайындау сапасының төмендігі, интернеттің баяулығы – осы мәселелердің барлығы Қазақстанда жақсы білім алуды қиындатады.

Көңілден шығатын мәселе, Президент орта білімнің сапасын арттыру қажеттігін, сол негізде әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалынатынын, ол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынатынын айтты. Аталған жоба негізінде 2025 жылға дейін 800 мың бала оқитын заманауи мектептер салынады. Жоғары оқу орындарын аккредитациялаудың жаңа стандарты қабылданады.

Бүгінгі күнде мемлекетімізде жоғары білім шартты түрде тегін. Мемлекет еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарға (техникалық, педагогикалық, медициналық мамандықтар) гранттар бөледі. Жолдауда техникалық және кәсіби білім беретін оқу орындары еңбек нарығының нақты сұранысына бейімделуі және еліміздің жаңа экономикалық бағдарының міндеттеріне сай болуы керектігі айтылды..

Елімізде білім жүйесін дамыта отырып, келесі маңызды мәселе – студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету. Ол үшін студенттердің жекелеген, әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған санаттары үшін пәтер жалдауға кететін шығынын субсидиялау мүмкіндігін де қарастыруға болады делінген.

Президент Қ.К.Тоқаев Қазақстан халқына 1 қыркүйектегі жолдауында білім алуға қаражат бөлінуі туралы келесідей шаралар қолданылатынын жариялады.

Баланың білім алуына, оның ішінде сыныптан тыс оқуына мемлекет бөлетін қаражат бірыңғай білім беру есепшоттарында жинақталады. Бір сөзбен айтқанда, мұны балалардың білім алуына инвестиция ретінде жұмсалатын алғашқы мақсатты капитал деуге болады.

Білім алуға жылдық өсімі 2-3 пайыз болатын жеңілдетілген несие де беріледі. Бұл шаралар жоғары білімнің қолжетімділігін арттырып қана қоймай, қоғамдағы әріптестік және өзара жауапкершілік қағидатын нығайта түседі.

Жастарға қолдау көрсету олардың білім сапасын арттырып қана қоймай, жұмыспен қамтаммасыз ету мәселесі де жолдамада көрсетілген. Нақтырақ айтсақ жолдамада: жастарға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекетіміздің басты міндетінің бірі. Еңбекпен қамтитын түрлі шаралар арқылы келесі жылы 100 мың жасты жұмысқа орналастыруымыз керек. Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету жалғасады. Оларға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие беріледі. Бұл шаралар қоғамның барынша үйлесімді әрі әділетті болуына ықпал етеді деп айтылған..

Әділетті Қазақстанды құру ісінде мұғалімдердің рөлі айрықша. Сондай-ақ, болашақта ұстаздардың құзырет аясы айқындалатын болады. Осыған сай еңбекақыны нарықтағы жағдайға сай өсіру – халықтың әл-әуахатын арттырудың басты факторы болып табылады.

Білім беру жүйесіндегі реформалар қазақ елінің болашағын, әрбір азаматтың лайықты өмір сүруін қамтамасыз етеді.

Базарбаева Т.А., Бергенева Н.С., Исанбекова А.Т.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ҰСТАЗ – ҰЛАҒАТТЫ ҰҒЫМ

Ұстаз деген сөздің өзі жүрекке қаншалықты жылы естілетіні белгілі. Бірақ, ұстаздың шәкірт алдында алатын жауапкершілігі өте жоғары.

Шәкірттерін бі-лім нәрімен сусындатып, тәлім-тәр-бие беру, жақсы қасиеттерді бойы-на дарытып, адамгершілік рухта ба-ғыт-бағдар беруде ұстаздың ең-бе-гі зор. Сондықтан да ол әрдайым құр-метті тұлға ретінде ерекшеленеді.

Ұстаз таудан арқырай аққан тау өзені секілді, айналасына қуат беріп, жолында кездескендерді суымен нәрлендіріп, тау-дай қиындықтарды тастай домалатып, білімнің сар даласында тыныштық тауып, дамылдайды. Ұстаз – Жер деген әлемнің бетін көркейткен, шәкірттеріне шуақ төккен Күн-ана тәрізді. Ұстаз – ақылдың тозбайтұғын асылы. Жылда жаңа оқу жылымен қатарлас келетін Ұстаздар күні де күздің үлесіне тиеді. Елімізде қазан айының бірінші жексенбісі ұстаздар күні ретінде мерекеленіп келеді. Жас ұрпақтың санасына сыналай енгізетін тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге өлшеусіз.

Сырттай қарапайым болғанымен, тарихтағы ұлы істі атқарып жүрген жұмыс – ұстаздықі. Біліммен баулып, биікке ұшы-ра-тын оқушыларының оқуда озат, өмірде патриот болуы ұстаздың ұста-ны-мы-на байланысты. Мамандық көп. Бірақ мамандықтың түрлі болғаны маңызды емес, қанша мамандық болса да сізді маман қылатын тағы да ұстаз. Мейлі сіз ғалым болыңыз, жұлдыз, тіпті беделді азамат, президент болып кетсеңіз де сізді осы өмірге жетелеген, осы шыңға жетуге себепші болған ұстазды ұмытуға қақыңыз жоқ. Оның еңбегін сыйлау, оған құрмет көрсету – сол адамға деген сый-сияпат емес, сіздің тәрбиелі, тәлімді тұлға болғаныңыз. «Адамның адамшылдығы жақсы ұстаздан» деп Абай хакім айтпақшы, әрбір ісіңіз жеңіске жетіп жатса, оның артында ұстаздың бір тамшы болса да еңбегі барын есте сақтаңыз.

А. Байтұрсынов атындағы 139 мектеп-гимназиясы, физика пәні мұғалімі Абылаева Ә.Ж.

ТҮРІК АҚЫНДАРЫНА АРНАЛҒАН ПОЭЗИЯ КЕШІ

Түрік өлеңінің тарихы түрік халқының тарихының дамуына сай келеді. Ескі түрік өлеңдерінде түрік халқының салт- дәстүрі, қоғамдық және күнделікті өмірі, аңшылық дәстүрі, көңіл көтеру кештері, қонақжайлылық, үлкенге деген құрмет, кішіге деген сүйіспеншілік сияқты өмірге байланысты әр түрлі тақырыптарды танып білуге болады.

Түрік әдебиетінің белді өкілдері Мехмет Юрдакул, Орхан Уәли Канык, Нежип Фазыл Кысакүрек, Жахит Сытқы Таранжы сонымен қатар кейінгі буын түрік ақындарының шығармаларын насихаттау негізінде Әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Шығыстану факультеті Түрксой кафедрасының ұйымдастыруымен 2023 жылдың 16-шы наурыз күні студенттердің арасында түрікше өлең оқудан жарыс ұйымдастырылды. Кеште жырсүйер қауым түрік поэзиясының ерекшеліктерімен, рухы және үнімен тереңдеп танысты. Жыр кешіне Шығыстану факультеті Түрксой кафедрасының студенттерімен қатар, Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті мен Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінен келеген студенттер де қатысып, өз бақтарын сынады. Кеште 30-дан астам түрік ақындарының шығармаларына талдау жасалып, өлеңдері оқылып, әділ-қазылар тарапынан бағаланды. I орынды әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Шығыстану факультеті Түрксой кафедрасының 2 курс студенті Жарқынбек Жанбота, II орынды Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті студенттері Серікбай Қарашаш пен Эргашева Мавлюда, III орынды Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінен келген Тулибек Рахима және Тілеу Аружан, Мұхидин Гүлдана иеленді.

Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Шығыстану факультеті
Түрксой кафедрасының аға оқытушылары
Н.Шуиншина Мета., А. Назарова

АРДАҚТЫ АНА БАҚИЛЫҚ БОЛДЫ...

"Егер атаң мен анаң бір мезгілде үн қатып қалса, әуелі анаңа жауап бер" деген ұлағатты сөз бар. Осыдан-ақ бала үшін ана жүрген жер - асқақ құдірет иесі әрі дүниедегі ең ғажап мейірім мекені екенін аңғаруға болады. Өкінішке орай, кейде шөліңді басар кәусар бұлағымыздан, бала жолында лаулап тұрар шырағымыздан айырылып қалып жатамыз.

«Алып анадан туады» деген осы шығар, сірә?! Түркі Халықтары мәдениет қорының жылдар бойы демеушісі болып келе жатқан кәсіпкер **Cuneyt Tanriverdi мырзадай арда азаматты дүниеге әкелген ардақты ана бақилық болды.**

Cuneyt мырзаның анасы парасат-пайымы мол, көреген, дариядай терең әрі шексіз бақытты жан болды. Себебі қоғамға орасан зор пайдасын тигізетін нар тұлғаны өмірге әкеліп, тәлім берді.

Cuneyt Tanriverdi мырзаның отбасы, туған-туысына Түркі Халықтары мәдениет қоры және Халықаралық «Түркі әлемі» газеті қайғыра көңіл айтады. Анамыздың жаны пейіште шалқысын! Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын...

Түркі әлемі

Меншік иесі:
ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ МӘДЕНИ ҚОРЫ Президенті және «Түркі Әлемі» газетінің Бас редакторы –
АХМЕТ ДАҒДҰРАН

Түркі халықтары мәдени қоры Әйелдер комитетінің төрайымы –
Дариға ТҰРЛЫБЕК

Түркі халықтары мәдени қоры Зиялылар комитетінің төрайымы –
Әлима СҚАҒИҚЫЗЫ

Газет 2000 жылдың шілдесінен айына бір рет шығады
ИНДЕКСІ: 65862
ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, 29.12.2000 жылы №1672-Г куәлігі берілді.

«Europrint» баспаханасында басылды. Мақала авторларының пікірі үшін редакция жауап бермейді. Компьютермен терілген бес беттен артық мақалалар қабылданбайды. Газет Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
Таралымы – 15 000 дана

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН ЖАЙЫ:
Индекс 050012, Алматы қаласы, Байтұрсынов көшесі, 145/26, Ғабдуллин көшесінің қилысы
Тел.: 8(727) 292-29-36, 292-74-40

e-mail: thmv_almati@mail.ru www.turkvakif.com

Ақылдастар алқасы:
Дариға ЖҮНІСОВА
Ислам ЖЕМЕНЕЙ
Ахмет ТОҚТАБАЙ
Жарылқасын БОРАНБАЕВ
Тамара СУРА
Мақсұтхан ЖАҚЫП
Гүлжамал ҚОРТАБАЕВА
Гаухар АСҚАРОВА
Мұсат ИМАНҚҰЛ

Редактор:
Арман ӘУБӘКІР
Техникалық редактор:
Фарида ТУҒАНБАЙ
Корректор:
Қарлығаш САПАРҒАЛИҚЫЗЫ

Газетіміздің өзге мемлекеттердегі өкілдері:
Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Айфер АКСУ *Байланыс телефондары: Анкара - 90312 4183479, 90555214 0244 ұялы тел.*
Батыс Түркиядағы өкілі (Греция) Абдулхалим ДЕДЕ, «Тракия үні», FM Радиосының өкілі Байланыс телефондары: 0030697811133, e-mail. dede@otenet.gr
Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Шемсеттин КУЗЕДЖИ, Түрік елінің Жастар қоғамының бастығы, Керкук газетінің өкілі, Кенан Коч Мугла Сытқы қочман университетінің доценті – *Байланыс телефондары: Анкара – +905412634844, e-mail&: kenankoc2030@hotmail.com, www.kenankoc.com* **Стамбұл (Түркия) қаласындағы өкілі Ахмет ТУЗУН, Жастар спорт комитетінің басылым жөніндегі кеңесшісі.** *Байланыс телефондары: 905336367050, e-mail. ahmettuzun2000@yahoo.com* **Румыниядағы өкілі Гюльщен ИСМАИЛ, Жас газеті мен Костиже радиосының өкілі** *Байланыс телефоны: 004 078 413 93 14, e-mail.*